



# ӨЗЕН

*Жер - дүниені сері самалға өккізіп, жұрттың ауызын аққа жеткізіп, нұр тамшыларын төккізіп, Самарқанның көк тасын ерітіп, жыл құстарының әнін шырқатып, Маңғыстауға жасылдан көйлек кигізіп, Сарыарқаны самал желге сүйгізіп, Алатаудың төбесін көкке тигізіп, араздарды дос қылып келген, өз-Наурыз, армысың!*

*Ақтың молаятын, жарықтың ұзаратын, нұрдың мольғатын, тіршіліктің жаңаратын, өмірдің жаңғыратын, пейілдің түзелетін, көңілдің кеңітін кезеңі - Наурыз мейрамы құтты болсын, мұнайшылар!*



## АНДАТПА:

ҚАЗМҰНАЙГАЗДАҒЫ ҚАҮІПСІЗДІК: БІЗ АЛҒА ҚАДАМ БАСАМЫЗ! – 3-БЕТ  
«ВЙЕЛ – ВМІР ТІРЕГІ ҒАНА ЕМЕС, ВЙЕЛ – ВМІРДІҢ ВЗІ» – 6-7 БЕТТЕР  
ЖАЙДАРМАНШЫЛАР ЖАРАДЫ – 8-БЕТ







## ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖАҢА НЫСАН

**№2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында 350 орындық Әкімшілік-тұрмыстық кешен пайдалануға берілді**

**Ф**имараттың салтанатты ашылу рәсіміне «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов, «Өзенмұнайгаз» АҚ кәсіподақ комитетінің төрағасы Наурыз Сақтағанов қатысты.

«Бүгін еліміз алғыс айту күні мерекесін атап өтіп жатыр. Осы орайда талмай еңбек етіп, ел ырысы – мұнайды мол өндіріп, бір қолдың саласындай жұмыс істеп жүрген барша мұнайшыларға, сонымен бірге бүгінгі әкімшілік-шаруашылық ғимаратты салуға атсалысқан азаматтарға алғысымды білдіремін. Жаңаөзендіктер жақсы біледі, «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы жыл сайын мұнайшылар игілігі үшін өндірістік және әлеуметтік нысандарды салып, пайдалануға беріп келеді. 2009 жылдан бері мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағдарламасы аясында көптеген тұрмыстық-шаруашылық кешендер, асханалар, модульдік операторлық ғимараттар іске қосылды. Бұл жұмыстар әрі қарай да жалғасын табады», деді Б.Абайылданов өз сөзінде.

Рәсімде мердігер ұйым «Фирма Лан» ЖШС директоры Саламат Юнусов №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасының директоры Наурыз Рахметовке нысанның символикалық кілтін табыстады.



**№1 Мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты №5 Шоғырланған сораптар станциясында көптен күткен қуаныш болды. Мұнда да жаңа тұрмыстық-шаруашылық кешен ашылып, мұнайшылар игілігіне берілді.**

**Б**асқарма директоры Бекболат Нұрлыбаев пен Жұртшылықпен байланыс департаменті директоры Әділ Сүйебай әріптестерін құттықтады. «Бүгінгі күні компания жұмыскерлерінің әлеуметтік жағдайы адам танымастай өзгерді. Заманауи үлгіде салынған нысандарыңыз құтты болсын!

Еңбек адамына қолайлы жағдай тудыру – біздің тікелей міндетіміз екендігін жақсы түсінеміз. Бүгінгі күні басқарма бойынша тұрмыстық-шаруашылық кешен 100 пайызға жаңаланды. Бұл-үлкен көрсеткіш. Жаңа нысаныңызды күтіп ұстайды деп сенім білдіремін» деді №1 МГӨБ директоры Бекболат Нұрлыбаев. Жаңа нысанның лентасын басқарма директоры мен №5 ШСС шебері Үсен Таңатаров қиды. Мердігер компания өкілі Мұрат Нұрбайқосов №1ҚҚСЦ бастығы Тілеуберген Нұржаубекке нысанның символикалық кілтін салтанатты түрде табыс етті.



**«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамына қарасты №2 Мұнай-газ өндіру басқармасында жаңа нысан жұмысшылар үшін есігін айқара ашты. №6 топтық қондырғыда 15 адамға арналған тұрмыстық-шаруашылық кешен пайдалануға берілді.**

**Ж**ұмыскерлердің еңбек жағдайын жақсарту, әлеуметтік-тұрмыстық бағыттағы жұмыстарды жетілдіру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. 2009 жылдан бері мұнайшылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту бағдарламасы аясында 32 тұрмыстық-шаруашылық кешен, 10 асхана, 75 модульдік операторлық ғимарат іске қосылды.

Ашылып жатқан жаңа нысан да солардың қатарына енеді», - деді өз сөзінде ғимараттың салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан Жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры Әділ Сүйебай. Жиынға №2 Мұнай-газ өндіру басқармасының директоры Гайдар Каналиев қатысып, топтық қондырғы ұжымына ізгі тілегін жеткізді.



### Химиялық зертханадағы өнеркәсіптік ҚАУІПСІЗДІК

**К**азіргі таңда Маңғыстау облысы аумағында мұнай өндірумен шұғылданатын кәсіпорындардың химиялық зертханалары мұнай мен газ құрамдарын стандарттарға сәйкестендіру бойынша жұмыс атқаруда. Химиялық зертхана сонау ескі заманнан бері қауіпсіз өнеркәсіп санатына жатпады. Орта ғасырдан біздің заманымызға дейінгі зертхана алхимиктерінің тәжірибесінде неше түрлі жарылыстар, адам жарақаты және адам өлімі мысал ретінде тарихқа таңба болып басылғандай. Тәуекел ардайым химиктің тұрақты серігі болып саналады.

2017 жылдың 3-сәуірінде Бейнеу ауданының Құлжан кенорнындағы химиялық зертханада орын алған бақытсыздық жағдай – осының дәлелі. Түнгі сағат 1 шамасында зертхана инженер-химигі талдау жұмыстарынан кейінгі ыдыстарды жуу жұмыстарын жүргізу кезінде ішінде хром қоспасы бар шөлмек ыдысты зертхананың арнайы ыдыс жуатын раковинасына түсіріп алады. Шағылған шөлмек ыдысынан зертхана қызметкерінің киіміне, бетіне және де кеудесіне хром қосындысы шашырайды. Осы жағдайдың соңы инженер-химиктің зардап шегуіне әкеліп соқтырды. Сондықтан химиялық зертханада әрбір қызметкердің ісі саналы түрде зертхана қауіпсіздігіне тікелей қатысты. Сонымен бірге тәжірибелі мамандар жас мамандарға психологиялық атмосфера құрып, қауіпсіздік ережелерін күн сайынғы жұмыс барысында түсіндіріп отыруы тиіс. Ұжымдық бірлік, адам өміріне қауіпсіз еңбекті үйрету болып табылады.

Зертханадағы өнеркәсіптік қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір зертхана қызметкерінің парызы.

**Н. НАЙЗАБЕКОВ,**  
Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің мұнай-химия, металлургия және тау-кен өнеркәсібін мемлекеттік қадағалау бөлімінің басшысы.





## ҚазМұнайГаздағы қауіпсіздік: Біз алға қадам басамыз!

## Безопасность в КазМунайГазе: Наш путь вперед

**Б**іздің өндіріс саламыз мезгіл-мезгіл тәжірибемізді, технологиямызды немесе философиямызды бизнесті дұрыс жүргізіп отырмыз ба, жоқ па, сол тұрғысынан қайта қарауға мәжбүрлейтін апатты оқиғаларға кезігіп отырады. Бұған Теңіз кенорнындағы апатты жағдай, 1988 жылы Солтүстік теңізде Piper Alpha мұнай платформасында болған апатты жағдай және 2010 жылы Мексика шығанағындағы Mascondo ұңғымасын игеріп жатқан платформадан жарылыс мысал бола алады. Осы оқиғалар ЕҚОҚҚ саласын, компаниялардың қауіпсіздікке деген көзқарасын және құзыреттерді, сенімділікті арттыру жүйелерін және төтенше жағдайлар болғанда жоспарлауды басқару стилін толық өзгертіп, қайта қарауға алып келді.

«ҚазМұнайГаз» компаниясында біз регламентпен шектеліп қалмай, қызметімізді тәуекелдерді басқаруға, мүмкіндіктерімізге, технологияларымызға және қауіпсіздік бағдарламаларымызға келгенде бизнесті жүргізу мәдениетін түбегейлі өзгертеміз. Біз стандарттарға сәйкес келетін бизнес-модельден барлық компанияда келісілген стандарттарды, процестерді және рәсімдерді талап ететін және осындай өзгерістердің негізі болып табылатын алдын алу моделіне өтудеміз. ЕҚОҚҚ басқарудың жалпы жүйесінің нәтижесінде біз жұмыс істейтін барлық салаларда бізге қағидалар мен нормалардың шегіне шығуға көмектесетін біз алға қадам басамыз қағидатымен бақыланатын қызметтің негізі қаланатын болады.

Бірнеше жылдың ашық деректерін жинағаннан кейін операцияларымыздың қауіпсіздік көрсеткіштеріне әсер ететін маңызды факторларын анық ұғындық. Ішкі регламентке, оқуға және құзыреттерге байланысты проблемалар – қызметіміздің сенімділігіне әсер ететін түйінді факторлар болып табылады. Жаңа деректерге ие бола отырып, жаңғырту процесінде адам факторларды қамтитын сенімділікті қамтамасыз етудің нысаналы бағдарламасын жасап жатырмыз.

Тәуекелді азайтуға арналған технологиялар маңыздылығына қарамастан, ешқандай технологиялық инновация ойландырып шешім қабылдау проблемасын шеше алмайды. Айқындаушы фактор адамдар екенін мойындаймыз. Сондықтан сенімділікті басқару бағдарламалары жұмыскерді дамытудың ажырамас бөлігі болуда және басшылардың келесі буынын олар басқаруы мүмкін ортаның талаптарына дайындау үшін неғұрлым қатаң бағдарламаларды әзірлеумен айналысудамыз. Piper Alpha оқиғасынан кейін 30 жылдан астам уақыттан кейін қауіпсіздік бағдарламасы оқиғалар коэффиценті туралы ұғым пайда болып, әлдеқайда жақсарды және бұл жалпы өте төмен деңгейде. Бағалауды және тәуекелдерді азайтуды біздің жұмысымыздың ажырамас бөлігі ететін жұмыс мәдениетіндегі өзгерістерге деген қызығушылық – бұл нақты прогреске қол жеткізуге болатын жол екеніне сенімдімін.

Біздің жаңа техникалық стандартымызда өндірістің қауіпсіздіктің ғана болуы жеткілікті емес. Жоғары буын басшылары сатып алудан кәсіпшілік операцияларға дейін ұйымдастырудың барлық деңгейлерінде шешімдер қабылдау үшін негізгі болып табылатын қауіпсіздікті және тәуекелдерді басқару процестерін ұғыну және қабылдау және әрбір жұмыскердің бірдеңенің салдарынан қорықпай дұрыс әрекет етуі құқығын мойындау үшін жауапкершілік көтереді.

Біздің саламыз – бұл күрделі, сан түрлі және бәсекелестік бизнес, мұндай үлкеннен бастап кіші компанияға дейін неғұрлым жоғары стандарттарға сәйкес келуі тиіс. Бірақ біз жалғыз өзіміз өзгерістерге ықпал ете алмаймыз, сондықтан осындай өзгерістерді үкіметтік деңгейде басқару үшін өнеркәсіп институттарымен және қауымдастықтармен ынтымақтасу қажет. Өзара іс қимыл жасауға дайын және шайыттанған персонал біздің алға жасайтын қадамымызда жетістікке қол жеткізу үшін озық практикаларды, технологияларды және бағдарламаларды қамтамасыз ете алады.

Сауат МЫНБАЕВ,  
«ҚазМұнайГаз» АҚ басқарма төрағасы.



**В**ремя от времени наша отрасль производит столкновения с катастрофическим событием, которое заставляет нас пересмотреть подход и технологии на предмет того, правильно ли мы ведем бизнес. Примерами являются авария на месторождении Тенгиз, катастрофа на нефтяной платформе Piper Alpha в Северном море в 1988 году и Взрыв на платформе, проводившей работу скважины Mascondo в Мексиканском заливе в 2010 году. Эти происшествия привели к пересмотру подхода деятельности в области ОТОС, полностью изменив отношение компаний к вопросам безопасности и стилю управления компетенциями персонала, системами повышения надежности производства и планированием на случай чрезвычайных ситуаций – все ради достижения безаварийного производства.

В КазМунайГазе мы не ограничиваемся регламентами и процедурами, а кардинально меняем культуру ведения бизнеса, когда дело касается управления рисками в нашей деятельности, наших возможностей, наших технологий и наших программ безопасности. Мы переходим от

бизнес-модели, соответствующей стандартам, к модели проактивной, которая требует общих стандартов, процессов и процедур во всей компании, и является фундаментом таких изменений – нашим шагом вперед.

После нескольких лет сбора данных, мы получили понимание основных факторов, влияющих на показатели безопасности нашей деятельности. Проблемы с внутренними процедурами, обучением и компетенцией работников – ключевые факторы, которые оказывают влияние на надежность нашего производства. Вооружившись новыми данными, сейчас мы создаем целевые программы для обеспечения надежности, которые в процессе модернизации будут охватывать человеческие факторы.

Несмотря на важность технологий, предназначенных для снижения риска, никакая технологическая инновация не сможет решить проблему необдуманных решений. Мы признаем, что определяющим фактором являются люди. Поэтому обеспечение компетентности работников становится неотъемлемой частью развития работников и мы занимаемся разработкой более строгих программ, чтобы подготовить следующее поколение руководителей к условиям среды, в которой они предположительно будут управлять. Более 30 лет спустя после происшествия на Тенгизе, системы безопасности и охраны труда улучшились до степени, когда есть понимание природы происшествий и кол-во происшествий находится на приемлемо низком уровне. Однако, мы не будем удовлетворены пока кол-во инцидентов не опустится до Нуля.

Руководители высшего звена несут ответственность за то, чтобы на всех уровнях организации, от закупок до производственной деятельности, было понимание процессов управления рисками и безопасностью, как основными для принятия решений, и что более важно, руководители также несут ответственность за право каждого работника поступать правильно и безопасно без боязни последствий.

Наша индустрия – это сложный, разнообразный и конкурентный бизнес, где каждая компания, от большой до малой, должна соответствовать более высоким стандартам. Готовая к взаимодействию отрасль и вовлеченный персонал смогут обеспечить развитие передовых практик, технологий и программ обучения для достижения прогресса на нашем пути вперед к безаварийному производству.

Сауат МЫНБАЕВ,  
Председатель Правления АО НК «КазМунайГаз»



# Қош келдің,

## БІРЛІК ОТЫН ЖАҒЫСЫН...

Отпан тау осыдан бірнеше жыл бұрын маңғыстаулықтардың Амал күні бірлік отын тұтататын орны еді. Биыл республикалық деңгейде ағайын алты алаштан ағылып, дүбірлі той болды.

Тойдың болғанынан боладысы қызық ғой қашанда. Бұл жолы да солай болды. Қызу дайындық қарбалас тірлікпен өрілді. Осындай қызық та қиын дайындық шараларына өлкедегі ірі кәсіпорын «Өзенмұнайгаз» АҚ қызметкерлері атсалыспай қала алмады. Жыл сайын қолдан келген көмектен аябайтын компания биыл да үлесін қосты. 10 наурыз күні бір топ жас маман, «СӨТБ» ЖШС, «Бұрғылау» ЖШС, Жаңаөзен қаласының жастары -барлығы 30-дан аса адам барып, сенбілік өткізді. Мұнайшылар қаласынан ала таңнан аттанған жастар ертемен барып, «Адай ата» бұрылысынан бастап, Отпан таудың биігіне дейінгі аймақты қатты қалдықтардан тазартып шықты.

«Жыл сайын өлкеміздің әр түрлі жерлеріне сенбілік өткізіп жүрміз. Мұны кезекті бір шарамыз деп есептейміз. «Көп түкірсе, көл болады», жастар, өзге де компаниялар бірлесіп осы қоғамдық жұмыстарды өткізуді дәстүрге айналдырсақ деген жоспар бар», - дейді игі жұмыстың басы-қасынан табылған Бауыржан Бәйімбетов.

## АМАЛ ТАҒЫ АРАҰЛАП АТТЫ

14 наурыз. Амал таңы. Сағат таңғы жеті. Мұнайшылардың жұмыс орындарына аттанар автобекет. Компания басшылығы ел игілігін еселеп отырған қара алтын өндірісіндегі жұмысшылармен қол алысып көрісіп жүр. Бұл –олар үшін қалыпты жағдай. Ертемен көрісіп, арқа-жарқа болып, ақтан ауыз тию қанша жылдан қалыптасқан үрдіс.

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының бас директоры Бекзат Абайылданов, бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров бастаған компанияның бір топ басшы азаматтары өндіріс жұмысынан босамайтын ұжыммен көрісіп, ақжарма тілектерін білдірді. «Ұлт пен ұлысты жақындастыратын Наурыз мейрамының сыйлайтын рухани құндылығы көп. Өзен кенорнының дамуы, өсіп-өркендеуі үшін тер төгіп жүрген Сіздерге ерен еңбегіңіз үшін шексіз алғысымды білдіремін. Жадырап көктеммен жеткен жақсылықтар жалғасын тапсын! Ынтымағымыз ырысымызды арттырсын!»-деді бас директор Бекзат Қылышбекұлы. Мұнайшылар көкті де, жерді де, күллі жан-жануар, айдай әлемді маужыратып келген Наурыз қазақ елінен табалдырығын құт-берекесімен, жақсылығымен, тоқшылығымен аттасын деген тілектерін жеткізіп жатты.

## АМАЛ. КӨРІСУ. ДӘСТҮР

Амал күні аппарат басқармасында да абың-гүбің болды. Мұндағы қызметкерлер де бір уақыт амалға аман жеткендерімен бір-бірін құттықтап, қол алысып жүр. Мерекеге сай киген қазақша киімдері қызметкерлерді күндегіден бөлек ажарландырып жібергендей. Жүздері балбұл жанған әр жанның ауызынан әдемі тілек, әсерлі құттықтау шығып жатты.

№3 Мұнай-газ өндіру басқармасы алаңында да адам қарасы көп. Бәрі сәнді киінген. Дастархан асқа толы. Мерекеді ән мен жыр әуелеп, домбыраның шанағынан күй төгілді. Мұнайшылар мекені көңілді.

Бұл күні Жаңаөзен қаласындағы «Мұнайшы» мәдениет үйінің алаңында жиырмаға жуық ақшаңқан үй тігілді. Соның бірі «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның аппарат басқармасы тіккен үй болды. Мерекелеуге келген халықтың қарасы көп. Қалың көпшіліктің арасында Өзенмұнайгаздың ардагер мұнайшылары да, жас мамандары да жүрді. Қазақы шапан, қалпағын киіп, қасқайып тұрған ардагер-мұнайшы Болатбай Қарамұрзаевты көріп, қол алысып көрісіп, батасын алдық. «Жылдарың құтты болсын! Амалдан-амалға аман жетіндер. Көктем келіп, жер көгеріп, күн жылынып, мерекелеуге жиналып тұрмыз. Бәрі жақсы өтіп жатыр. Еліміз аман, мұнайымыз көп, халық тоқ болсын», – деді ақсақал.

Орталыққа тігілген жиырмадан аса ақшаңқан үйдің әрбіреуінде қазақтың салт-дәстүрі дәріптеліп жатты. Жаңаөзенге жұмыс сапарымен келген Маңғыстау облысының әкімі Ералы Тоғжанов бастаған бір топ ел ағалары жиналған халықты мерекемен құттықтап, Өзенмұнайгаз тіккен үйге қонақ болды. Оларды үлкен-кішілер қол алыса көрісіп, келіндер сәлем салып қарсы алды. Қазақ жері қандай кең болса, халқының да тарихы







## 17 Наурыз!

соншалықты терең, сол сияқты ұлтымыздың мәдениеті, салт-дәстүрі де өте бай. Мерекеде салтты айшықтап жатқан компания өкілдері елге сыйлы, абыройлы ағалардың келуін жақсылыққа балап, қонақтарға

Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар,  
Өткеннен бізге жеткен асылы бар.  
Сәбидің кейбір кезін қызықтайтын,  
Қазақта «Тұсау кесер» рәсімі бар, - деп кішкентай Сафияның тұсауын кестірді.

- Тәй-тәй балам, тәй балам,  
Шақырып тұр айналаң,  
Жүруге алғаш талпынған.  
Кішкентай ғана жан балам.  
Қаз-қаз тұрып ұмтылып,  
Қуантасың, күлесің.  
Аман болсаң, аз күнде,  
Алшаң басып жүресің, - деп бауыр еті баласының әр қадамына сүйсінген Гүлзираның өлеңі де талайды тебірентті.

Бүлдіршіннің тұсауы кесіліп, ақ жолға қадам басқанда әжелерінің ағынан жарылып:

- Ал, келіндер, тәй-тәйлап,  
Әлдиді алға бастандар.  
Шошытпаңдар, айқайлап,  
Жалғыз тастап қашпаңдар.  
Балапанның жолына,  
Мол қып шашу шашыңдар!  
Із қалдырсын артына,  
Алдын кең ғып ашыңдар!

Өкеліңдер ана сандықты ортаға. Бүгін «ақ түйенің қарны жарылған күн!». «Мал-баланың шашуы» деген. Бұл жиған-тергенімді бүгін бермегенде қашан беремін?!-деп шашу шашып, сый таратқаны да жомарт қазақтың бейнесін нақ сомдады.

Күтпеген ұсынысты қуанышпен қабылдап, Сафиядай бөбектің тұсауын кескен ел ағалары қаз басқан балаға ақ тілегін айтып, мұнайшыларды мерекемен құттықтады.

### БАСҚАРМАЛАРДЫҢ БЕРЕКЕЛІ НАУРЫЗЫ

17 наурыз. Өзенмұнайгаздың 16 құрылымдық бөлімшесінің ақшаңқан үйлері алыстан мен мұндалайды. Тамаша әсер, тартымды сәт. Бұл күні «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның еңбек ұжымы Наурыз мерекесін атап өтті. Шараға Жаңаөзен қаласының әкімі Әділбек Дауылбаев, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев, «Өзенмұнайгаз» АҚ директоры Бекзат Абайылданов қатысып, көпшіліктің қуанышына ортақтасты. Мұнай өндірісіндегі еселі еңбек иелері – мұнайшыларды Наурыз мерекесімен құттықтады. «Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Мереке әрқайсымызға жаңару мен тазару, отбасымызға жақсылық пен молшылық, ырыс пен құт-береке әкелсін. Ақ мол болсын! Той тойға ұлассын!»-деді «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры Құрманғазы Есқазиев. Мерекеге орай компанияның бір топ жұмыскерлері «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Басқармалардың қызметкерлері оқалы комзол, оюлы бешпент, зерлі шапандарымен жалт-жұлт етіп, көздің жауын аларлықтай әсем де әдемі киініп жүрді. Құмай тазы, жүйрік ат, қыран бүркіттің мереке өтіп жатқан аймақтан табылуы да тамаша көрініс болды. Әр киіз үйде кемерінен асқан көңілмен ақжарма тілек, ақжолтай сәлем айтылып жатты.

Жергілікті өнерпаздардың әсем үндері мұнайшылар қаласының аспанында әуеледі. Елімізге танымал әншілер - Айгүл Қосанова мен Ақылбек Жеменей ән шырқап, талайды қуантты.

Қара жер қойнауын игерген қара күш иелері білектері білеу-білеу болып, ат үстінде күш сынасты. Аударыспақта екпіні қатты екеу көптің делебесін қоздырды. Зіл тасын көтеру, ләңкі тебу, асық ату сияқты ұлттық ойындар мерекенің салтанатын асырды.

Амалға аман жеткен өземұнайгаздықтар мерейлі мерекені бір күн емес, осылай тату, бірлікте бірнеше күн тойлады.







Егемен елдің нығайып, әлем таныған мемлекетке айналуына нәзік жандылардың да өлшеусіз үлесі бар. Аналар қашанда еріне - тірек, ел бірлігіне - тұтқа болған. Қыздарымыз адалдық пен сұлулықтың, батырлық пен ерліктің өшпес өнегесін көрсеткен.

Бүгін де қоғамдық өмірдің кез келген саласын әйелдерсіз елестету мүмкін емес. Қара жер қойнауынан байлық игеруде де олардың қажымас қайрат, сарқылмас жігер-құшін көріп келеміз.

## «ӘЙЕЛ -

«Қазақта: «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген тамаша тағылымды сөз бар. Жұмыс пен отбасыны қатар ұстап, берекесін кіргізіп жүрген Сіздердің есімдеріңіз қашанда құрмет төрінде.

Көктем мерекесі қарсаңында Сіздерге және отбастарыңызға мол береке, бақыт, шаттық, мызғымас денсаулық, болашаққа зор сенім және көтеріңкі көңіл күй тілеймін. Мерекелеріңіз құтты болсын!»-деді «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайымданов 8 наурыз -

Халықаралық әйелдер күніне орай «Мұнайшы» мәдениет сарайында өткен мерекелік концертте.

Мерекелік шара жылдағыдай дәстүрлі түрде ұйымдастырылды. Мұнайшы қыз-келіншектер бұл күні сахна саңлақтарының тамаша ән мен күйден шашқан шашуларына разы болса, компания азаматтарының ұсынған гүл шоқтары оларды ерекше қуанышқа бөледі. Барлық құрмет ол күні аналарға арналды. Алыстан ат терлетіп келген әншілер Шлоқтар Серік, Бауыржан Исаев, Досымжан Шаңатаров, Әктем Алтаев, Ғазизхан Мекербековтер әсем әндерін арнады. Ал ел экономикасының өсіп-өркендеуі жолында сүбелі үлес қосып жүрген бір топ мұнайшы қыз-келіншектер қала әкімі мен бас директордың «Алғыс хатымен» марапатталды.

## ОРТАСЫНА СЫЙЛЫ ӘМИНА

АМИНА САРБАЕВА – МӨҚЖТҚЖБ-ДА ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІК ИНЖЕНЕРІ. Иә, ол бұл қызметке топ ете түскен жоқ. Бұған дейін сан түрлі жұмысты атқарып келді. Сонымен бірге 1980 жылдан бері үзіліссіз еңбек етуде. 2004 жылы осы басқармаға ауысып, ортасына сыйымен, абыройымен ел экономикасына үлес қосып жүр.

Басқарманың табалдырығынан аттаған әр адам Әмина Сарбаеваның алдынан өтеді. Бәсең үн, байыпты қалыппен еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін түсіндіретін ол цехқа кіруге де рұқсат береді. Сондай-ақ мекемеде әр жұмысшының үйіне аман-есен оралуын да нәзік жан мойнына алған.

Жұмысына жетік, қызметіне жауапты, ортасына сыйлы қызметкер – әр кәсіпорынның жүрегі.



## «ОСЫЛАЙ ЖҮРГЕНІМ ОТАҒАСЫМНЫҢ АРҚАСЫ»

ӨТТЖЖБ ҚОЙМА МЕНГЕРУШІСІ БОЛЫП ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН БАРШАГУЛ ТҰРБАЕВА ӨЗ ІСІН ӨТЕ ЖАҚСЫ КӨРЕТІН САНАУЛЫ ЖАННЫҢ БІРІ. Ол кей кездері жүк тиелген вагондардың беймезгіл уақытта келетіндігін айта келе, өзінің жұмысына түсіністікпен қарайтын отағасына алғыс білдіреді. «Отбасылық өмірімде ер-азаматымның бетіне жел болып келіп көрмеппін. Атын да барынша атауыма ұятырысамын. «Пәленшенің әкесі» деп отырамын»-дейді 55 мерейлі жасын толтырған Баршагул Өрпесіміз. Сөз арасында өзінің өнші қызы Талшынның бір кездері республикалық «Өнші балапан» байқауына қатысып, Сара Назарбаеваның қолын алғандығын да мақтанышпен еске алып өтті. Қашан да балапандарын көзімен аялап, көңілімен аймалап отыратын Баршагул ағаның бақыты балада екендігін жасыра алмады.



## МАРАПАТ МЕРЕЙ ӨСІРЕДІ

№1 СКВАЖИНАЛАРҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАС ЕСЕПШІСІ МИУА ИСМАИЛОВА 1979 ЖЫЛДАН БЕРІ ЖҰМЫС ЖАСАП КЕЛЕДІ. БОЙЖЕТКЕН ҚЫЗ ӨЗІНІҢ ЕҢБЕК ЖОЛЫН АТАЛМЫШ БАСҚАРМАДА СЛЕСАРЬ БОЛЫП БАСТАЙДЫ. СОДАН СОҢ ҮЙЛЕСТІРУШІ, ЕСЕПТЕУ БУХГАЛТЕРІ, МАТЕРИАЛДЫҚ БУХГАЛТЕРІ, БҮГІНДЕ АҒА БУХГАЛТЕР БОЛЫП ЖЕМІСТІ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕДІ.

Зейнеткерлік жасқа жеткен Миуа «Әрбір адам бақытты өмір сүргісі келеді. Бақыт үшін күресуге тұра келеді. Күрестің жолы-білім, ізденіс, еңбек» екендігін айтады.

Жұмыстан шаршап келген Миуаны Нұрқадам, Балнұр, Інжу, Нұрқожа атты балдай төтті немерелері өздерінің қылығымен қуанытып, өмірге деген құштарлығын оятады.

Миуамен 1993 жылы жылдан бері бір кабинетте жұмыс жасап келе жатқан Зухра Қожанпесова «Ол өте ақкөңіл, жұмысын аса ыждағатпен атқарады. Жас мамандарға цифрмен жұмыс жасайтын аса жауапты кәсіптің қыр-сырын үйретуден еш жалыққан емес»-дейді.

Еңбекқор жанның ерен еңбегі басшылық тарапынан марапатталды. Марапаттың адам баласының жұмысқа деген құлшынысын артыратыныны сөзсіз. Мерекелерде мерейіңіз өсе берсін, Миуа!



## «БҰЛ ЖҰМЫСТЫ ЖАСАҒАНДА ЖАНЫМ РАХАТТАНАДЫ»



«Талай жұмысты жасадым. Бірақ осы жұмысты жасағанда жаным рахаттанады. Шабыттанамын. Неге екенін білмеймін? Темір жоншы кәсібіне ер азаматтар болады ғой. Әйел адамдардың цехта темір жонып жатқанын көрген бәлде адамдар таңғалысын да жасырмайды. Бірақ мен осы жұмысқа келгенімнен сүйікті ісімді таптым», - дейді Салтанат Биғалиева.

Шындығында да, көздерінде қорғаныш көзілдірік, үстерінде арнайы киім, сом-сом темірлерді толассыз жонып жатқан азаматтардың арасында бұрымын арқасына түсіріп, бір келіншектің жұмыс жасап жатқанын көргенде біз де өзгеше сезімде болдық. Барып дидаласқанымызда Салтанаттың азаматтармен бірдей тапсыр-

маны орындап тұрғанын көріп одан сайын сұрағымызды жаудырдық. 14 жылдық еңбек өтілінің 4 жылын темір жоншылыққа арнаған Салтанат өз жолдастарының арасында сыйлы, еңбекте табысты жан. Адам шын қаласа жас, жыныс таңдамай кез келген жұмысты атқаратынына осы бір кейіпкер дәлел болғандай. Салтанат – елті, қырағы, есепке жүйрік яғни темір жоншыға қажетті барлық қасиетті бойына жиған. Бұл кәсіпті ол табыс көзімен қатар, сүйікті ісі ретінде жақсы көреді.





## «Өмір тірегі ғана емес, ӘЙЕЛ – өмірдің өзі»



### **Эльмира Батқанбаева-№4 МГӨБ, №4 СЖАЖЦ үйлестірушісі**

Ислам-Ананы өмір бойы құрметтеп өтуге бұйыратын дін. Ананы сүйемді сүй. Ана жүрегі! Ол керек десең тау бұзады, тас қопарады. Ана алақанының жылуы адамға тыныштық сыйлайды. Ана – тіршіліктің сәні. Аналар мен арулар мерекесімен баршаңызды құттықтай отырып, аманшылық, табыс, отбасыңызға жылылық пен жайлылық тілеймін.

### **Ханшайым Бейсенғалиева-ХжЭБ, химиялық талдау зертханашысы**

«Адамдық негізі - әйел. Қазақ, ел болам десең, бесіңді түзе. Әйелдің тұрмысын, отбасындағы орнын, қоғамдағы құқығын, материалдық жағдайын түзе»- деп жазды қазақтың ұлы жазушысы Мұқтар Әуезов өзінің «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында. Расында да, ұлттық идеологияның – бала тәрбиелеп отырған ананың қолында екендігін ұмытпағанымыз ләзім!

### **Лиза Сақиева-№2 МГӨБ, №6 «а» ШСС машинисі**

Қазақ келіншегі ошағының сақшысы, бала-шағаның анасы, тәрбиешісі. Қазақ келіншегі – бала-шағаның өз қолын аузына жеткізуге бар күш-жігерін жұмсайды. Қазақы пәлсапаның негізі – осы! «Жұмақ анаңның аяғының астында» деген хадис бар. Жалғанда өзіңді жұмсақ, мейірімді назарымен айналайтын Анаға жетер кім бар?!

### **Жеміс Үргешбаева, Алтынай Отарова-№2 СҚКБ, ЖЖМ таратушысы:**

Алла тағала о баста аналарымызды отбасының тыныштығын сақтауға, берекесі мен мерекесін артыруға бейім етіп жаратқан. Қазақ Құдайдан кейінгі құдірет иесін – Ана деп таниды. Ана – тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. «Атаң мен анаң бір мезгілде үн қатып қалса, әуелі анаңа жауап бер»-деген ұлағатты сөз бекер айтылмаса керек-ті.

### **МӨЖТҚЖБ бір топ қызметкерлері**

Аналарымыз Қазақ елі тәуелсіздік алған әліара кезеңде жоқшылық меңдесе де, тұрмыс тауқыметі шаршатса да, ешбір жанға сыр бермей, асқақ басып жүріп, отбасын асырады. «Зор ескерткіш қояр сонда балалар, Қапшық сүйреп келе жатқан әйелге!»-деп жырлады ақын Оңайгүл Тұржан. Анаңды Меккеге үш арқалап апарсаң да, ақ сүтін өтей алмайсың. Әманда, аналарымыз аман болсын!

### **БЖБ бір топ қызметкерлері**

Қазақ қыз-келіншектері ұлттың ұйытқысы, оттың тамызығы болып, қажет десе ерлермен үзеңгі қағысып, жауға аттанғанын тарихтан жақсы білеміз. «Анаңды сыйла, онан кейін анаңды сыйла, онан кейін тағы да анаңды сыйла»-дейді мұсылманшылықта. Ана жүрегінің бөлшегі – перзентінің жолында жанын пида етуге бар Аналарымызды тірі кезінде қадірін білейік, бағалайық!

### **МДЖӨҚКБ бір топ қызметкерлері:**

«Анасын көріп, қызын ал, Аяғын көріп, асын іш» - деген нақыл сөз бар қазақта. Ананың бала тәрбиесімен айналысуы өте үлкен, ұлы іс екенін мойындау ләзім. Ананың бала дегенде жүрегі бөлек. Тәні бөлек болғанмен, ананың баласымен жаны бір. Ана баласының жастанса-жастығы, таянса-таяғы бола біледі. Өмірдің тұтқасы аналарымызға Алла тағала ұзақ ғұмыр берсін!







## ҚУТТЫҚТАУ!

*Аса қадірлі Меа Шамұлы!*



Асқаралы 60 жасыңыз құтты болсын! Елге, еріптес пен туысқа сыйлы азаматсыз, сол жиған абырой биігіңіз аласармасын. Қатарыңыздың алды болып, қатепті қара нардай тұлғаңызға сын келмей, 100 жасаңыз. Зор денсаулықта, мол бақытта, табыс пен жетістікте басқарманың жетекші қызметкерінің бірі болып жүргейсіз!

Ізі тілекпен: №4 Мұнай-газ өндіру басқармасы.

*Қымбатты Сәрсенбибі  
Әтеубайқызы!*



Шыққан 55 мерейлі жасыңызбен құттықтаймыз. Армандардың құшағында, бақыттың базарында күліп-ойнап, көпшіліктің алғысы мен құрметіне бөленіңіз. Мәңгі жастық қалпыңызды сақтап, ұзақ жасай беріңіз. Өмірден мол тәжірибе жинақтап, жас мамандарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт беріп, ұстаз, ақылшы, көмекші болып отырсыз. Осы қалпыңыздан таймай, асулардан асып, берекеніз тасып, жасай беріңіз!



Келер күннен күтер әркім  
жақсы үміт,  
Жете берсін Сізге ылғи бақ күліп.  
Шаттықпенен көріп таңның арайын,  
Жаратушы төксін игі жақсылық.

*Құрметті Жақсыбай  
Төлебергенұлы!*



Келіп жеткен 55 жасыңыз құтты болсын! Өміріңіздің тағы бір жылы қуаныштар еселенетін және армандар орындалатын жыл болсын! Сізге зор денсаулық, шадыман шаттық, асқақ абырой тілейміз. Осындай қиын ері қызық қызметіңіз сізді биік белестерге жетелесін. Отбасыңыз аман болып, ұрпағыңызбен мың жасаңыз. Компанияның дамуына қосқан елеулі қызметіңізге алғысымызды айта отырып, өміріңіздің сәулелі тұсының көп болуына шынайы тілектестік білдіреміз.

Игі тілекпен: Технологиялық транспорт басқармасы.



## ЖАЙДАРМАҢШЫЛАР ЖАРАДЫ

Жыл басында Астана қаласында өткен еліміздің жастары арасындағы «Жайдарман» ойындарының «Маусымашар-2018» фестиваліне қатысып, «Өзенмұнайгаз» компаниясының құрамасы 20 команда бақ сынайтын Жоғары лигаға жолдама ұтып алып қуантып еді. Енді, міне, 14-17 наурыз күндері Елорда төрінде өткен "Жайдарман" жоғары лига ойындарының 1/8 финалынан әзілкештеріміз тағы да сүйіншілеп отыр.

Бұл сында "Өзенмұнайгаз" құрамасы жоғары ұпаймен (15 ұпай) 1/4 ойынына жолдама ұтып алды. Осындай 15 ұпайға біздің команда мен «Байдың балалары» (Шымкент) ғана ие болды.

«Әзіл тұз секілді, оны мөлшермен салу керек» - деп Пифагор айтқандай, мөлшерімен қолданылған өзекті әзіл, тапқыр қалжың, ұтқыр ой залды күлкіге кенелтті. Әу баста еліміздің түпкір-түпкірінен келген 250 команданың ішінен іріктеліп, одан соң 20 мықтының қатарынан суырылып шыққан "Өзенмұнайгаз" құрамасы компанияның рейтингін көтеріп, жағымды имидждік бет-бейнесін қалыптастырып отыр.

Алдағы салмақты ойында мұнайшы жайдарманшылар шашасына шаң жұқтырмайды деп сенеміз. Сәттілік серік болсын, жігіттер!



**ӨЗЕН**  
«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ  
КОРПОРАТИВТІК ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ  
Редакция мекен-жайы:  
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,  
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:  
Жұртшылықпен байланыс департаменті  
Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**  
Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz  
Журналист: **Индира Сәтенбаева**  
Пошталық мекенжай: satenbaeva@bk.ru  
Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445

«АртДизайн» ЖШС  
баспаханасында басылып шығарылды  
130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,  
«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе  
Тел: +7 (7292) 525-500  
Таралымы: 3000 дана  
Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады  
Айына бір рет шығады